19948024712

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 мамыр №5165-23-00-2/866 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ғ.Ә.Бектаевтың,
сот отырысының хатшысы Ж.Ермекбаеваның қатысуында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Әбен Сүндет Қалымбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық сомасын өндіру

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (ары қарай - Кәсіпорын) мен дара кәсіпкер (ары қарай - ДК) Әбен Сүндет Қалымбекұлы арасында қазандықты жөндеу жұмыстарына 2022 жылдың 27 қарашасында №194 санды келісім шарты түзілген.

Тараптар арасында түзілген мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін жауапкер орындамағанын көрсетіп, талап қоюшы соттан ДК Әбен Сүндет Қалымбекұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 799,4 теңге тұрақсыздық сомасын өндіруді сұрады.

Жауапкерден жазбаша түрде қарсы пікір түспеді.

Талап қоюшы істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады.

Жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламаған, сотқа талапқа қарсы дәлелдемелерді алып келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/957

Осы көрсетілгендердің негізінде сот жауапкердің келмеу себептерін дәлелсіз деп танып, Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексінің (ары қарай - АПК) 196-бабы негізінде істі тараптардың қатысуынсыз қарады және АПК-нің 281-бабына сәйкес сот отырысының хаттамасы жүргізілмеді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 1-қосымшасына сай жауапкер жұмыстарды шартқа қол қойғаннан бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2022 жылдың 27 желтоқсанына дейін орындауға міндеттеме алған.

Жұмыстар осы күнге дейін орындалмаған.

Сондықтан №1 талап негізді болып саналады.

№2 талап бойынша:

Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің (ары қарай - АК) 293-бабына сәйкес тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Келісім шарттың 8.3-тармақшасында жұмысты орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда шарттың жалпы сомасының немесе міндеттемелерін ішінара орындамаған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттер сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіретіні, ол сома шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы керектігі көрсетілген.

Аталғанға қарап талап қоюшы жауапкерден 799,4 теңге тұрақсыздық сомасын өндіруді сұрайды.

Тұрақсыздық сомасы дұрыс есептелген.

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2023
Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023
5165-23-3-1/957

Істің осы жағдайында талаптың жауапкерден тұрақсыздық өндіру жайлы бөлігін қанағаттандыруға негіз бар.

АПК-нің 117-бабы 1-тармағы негізінде жауапкерден мемлекет кірісіне 1 733 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226- баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Кәсіпорын талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

ДК Әбен Сүндет Қалымбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК Әбен Сүндет Қалымбекұлынан мемлекет кірісіне 799,4 теңге тұрақсыздық пен 1 733 теңге мемлекеттік баж, сонымен барлығы 2 532 (екі мың бес жүз отыз екі) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Бектаев Ғ.Ә.**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 25.05.2023

Заңды күшіне енген күні: 27.06.2023, судья Бектаев Ғ. Ә., 27.06.2023

5165-23-3-1/957